

**Балаларға арналған Киелі кітап
ұсынады**

Иса долданған теңізді тыныштандырады



Мәтінін жазған: Edward Hughes


**Суретін салған: Janie Forest
Alastair Paterson**

Бейімдеген: Ruth Klassen

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

**Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org**

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.



**Иса мен Оның
шәкірттері қатты
дауыл көтерілген
кезде, қайықта
болған еді. Дауыл
Ғалилея теңізін
қаһарландырды.
Мұндай дауыл
кемені қиратып
батырып жібереді.**

Дауыл шәкірттердің зәресін кетірді. Толқындар қайықты басып, суға толтырды. Бірақ Иса басын жастыққа қойып қатты ұйықтап жатты, дауыл

кезінде ұйықтап жатты. Шәкірттер айғайлап Оны оятты: «Ұстаз, Ұстаз, біз құритын болдық!»




3

«Сендер неге қорқасыздар, сенімі аздар-ау!» Иса Өзінің шәкірттерінен сұрады. Содан кейін Иса желдің соғуына тыйым салды... Содан... Иса толқындарға басылып тынышталуды бұйырды...



4

ЖЕЛ ДЕ ТЫНДЫ... ТЕҢІЗ ДЕ БАСЫЛЫП ТЫНЫШТАЛА ҚАЛДЫ. Шәкірттер таңғалып: «Жел мен теңіз де бағынатындай бұл Кім болуы мүмкін!» – деді.




5

Біраз уақыт өткен соң Исада тағы да бір қарбалас күн болды. 5000-нан аса адам Оның соңынан иен далаға кетті. Құдайдың күшімен Иса бір кішкентай баланың түскі асын пайдаланып, осы тобырды түгелімен тамақтандырды. Енді кеш болды. Иса бәрін қоя берді.




6

Тіпті шәкірттерге де кетуге тура келді. Иса оларды қайыққа отырып, Өзінен бұрын Галилея теңізінің арғы бетіне аттануға мәжбүр етті.




7

Ол бәрін жіберген кезде, Иса тауға жалғыз Өзі сиыну үшін шықты. Кеш түскен кезде, Ол сол жерде жалғыз болды.



8



Шәкірттер көлде дауылға тап болды. Олар бірнеше сағат ескенімен, қатты жел оларға келесі жағаға жетуге бөгет болды. Шәкірттер мұны білмеді, алайда оларды үлкен тосын сый күтіп тұр еді!

9



Таңғы үш пен алты арасында желмен толқып жатқан теңізде шәкірттер өздерін қатты қорқытқан бір нәрсені көрді. «Бұл – елес!» – деп айғайлады олар. Бірақ бұл – Иса, СУ БЕТІМЕН ЖҮРІП, өздеріне келе жатқан Иелері және Ұстаздары болатын.

10

«Үрейлерің ұшпасын!» Иса оларға дауыстады. «Бұл – Менмін, қорықпандар!» Петір: «Ием, егер бұл Сен болсаң, маған өзіңе су бетімен кел деп бұйыршы», – деп жауап берді. Сонда Иса: «Кел!» – деді. Петір қайықтан батыл шығып, судың бетімен Исаға беттеді.



11



Бірақ желдің қатты соққанын байқап қалып Петір шошып кетті де, суға бата бастады. Ол: «Ием, мені құтқара гөр!» – деді.

12

Иса дереу қолын созып, Петірді шығарып алды. «Әй, сенімі азым-ай! Неге күдіктендің?» – деп сұрады. Петір мен Иеміз Иса қайыққа отырған кезде, жел де тына қалды.



13



Содан кейін қайықта болғандар келіп Исаға иіліп тағзым етті де былай деді: «Сен шынымен Құдайдың Ұлысың!»

14

Иса долданған теңізді тыныштандырады

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Матай 8, Матай 14, Марқа 4, Лұқа 8

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

15



48

60

16

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып,
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін
өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

17